

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 6 сәуірдегі N 456 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 16 шілде N 964. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001.08.28. N 1112 қаулысымен. ~P011112

Каспий теңізі қайраңының "Қаражанбас-теңіз" және "Дархан" учаскелері бойынша жер қойнауын пайдалану құқығын алуға арналған инвестициялық бағдарламалар конкурсын өткізу шарттарын жете әзірлеу мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Жамбыл облысындағы Амангелді газ кен орындарының тобын игеруді жеделдету жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 6 сәуірдегі N 456 P010456_ қаулысына мынадай өзгеріс енгізілсін:

2-тармақтың бірінші абзацы "Қазақстан Республикасының Энергетика және

минералдық ресурстар министрлігі 2001 жылғы 1 қазанға дейін Каспий теңізі қайраңының "Қаражанбас-теңіз" және "Дархан" учаскелері бойынша жер қойнауын пайдалану құқығын беру жөніндегі конкурстың шарттарына мыналарды:" деген редакцияда жазылсын және үшінші абзацында "жабық" деген сөз "ашық" деген сөзбен ауыстырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Мамандар:
Қасымбеков Б.А.
Икебаева Ә.Ж.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК